

Ү.А. Сүймұханов\*, Д.Қ. Шоқпарова , С. Ерболқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан,

\*e-mail: mr.uzakbay@bk.ru

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (1991-2009 жж.) ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

**Аңдатпа.** Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасында және тәуелсіздік алғаннан бергі ауыл шаруашылығының дамуы қарастырылған. Қазақстанның экономикасының маңызды салаларының бірі – ауыл шаруашылық болып табылады. Дүние жүзінде халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету маңызды проблемаға айналды. Көптеген дамыған елдерде ауыл шаруашылығы салаларына мемлекет тарапынан ауқымды қолдау көрсетіледі. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру салаларының дамуы жаңа технологияларға, олардың қамту аясын кеңейту әрбір мемлекеттің азық-түлік ресурстарының қамтылу деңгейін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы дүние жүзі бойынша аграрлық шикізат өндіретін алдыңғы елдердің қатарында тұр. Өйткені Қазақстанның Орта Азия мемлекеттерінің арасында алатын орны айрықша. Себебі, Қазақстан Орта Азияның орталық бөлігінде ауқымды ауыл шаруашылығымен айналысуға болатын аумақта орналасқан. Бұл, біріншіден, елдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын анықтайтын бірден бір фактор болып табылады. Екіншіден, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздік жағдайына үлкен ықпалын тигізеді. Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық саласы 1991-2009 жылдары республиканың жаңа нарықтық экономикалық жағдайға көшуіне байланысты көптеген өзгерістерге ұшырағаны мәлім. Бұл, әсіресе, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы саласына қатты әсерін тигізді. Республикада жаппай жекешелендіру саясаты жүргізіліп, көптеген өндіріс және кәсіпорындар жеке қолдарға беріле бастады. Мақалада елдің экономикасы жаңа нарықтық жағдайға көшуіне байланысты Қазақстан Республикасы бойынша 1991-2010 жылдар аралығындағы, соның ішінде мал шаруашылығының дамуының негізгі алғышарттары, өзгерістері анықталды. Зерттеу нәтижесінде, ауыл шаруашылығы өзгерістері Қазақстан Республикасында үш кезең аралығында дамығаны анықталды. Ол экономикалық нарықтың көшуімен (1991 жылғы бірінші кезең), ауыл шаруашылық салалары мен құрылымдарының (1995-1996 жылдардағы екінші кезең), мемлекеттің қалған салаларының жаппай жекешелендіруіне сәйкес жүргендігі анықталды (1998 жылғы үшінші кезең).

**Түйін сөздер:** ауыл шаруашылығы, реформалар, азық-түлік, мал шаруашылығы, жекешелендіру, аграрлық сектор, нарықтық қатынастар.

\*U.A. Suimuhanov, \*D.K. Shokparova, S. Erbolkyzy

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, \*e-mail: mr.uzakbay@bk.ru

### Trends in the development of agriculture in the years after the independence of the Republic of Kazakhstan (1991-2009)

**Abstract.** This article presents problems associated with the development of agriculture in the Republic of Kazakhstan in the period of independence to the present day. Agriculture is one of the important sectors of the economy of Kazakhstan. The problem of food is a global problem. In many developed countries, there is considerable support for agriculture. The development of agricultural production sectors demonstrates the level of evolution and spread of new technologies, the level of the food supply of the countries.

The Republic of Kazakhstan is in a number of countries leading in the production of agricultural raw materials because it is located on the territory where can be engaged in extensive agriculture. First, it is one of the factors determining the strategy of the socio-economic development of the country. Secondly, it has a great impact on the food security of the country. It is known that the agriculture of Kazakhstan in 1991-2009 had undergone significant changes due to the transition to new economic conditions. Specifically, the new economic situations have had a strong impact on livestock and crop production. In connection with the extensive privatization carried out in the Republic, many production facilities and enterprises were transferred to private ownership. In this article, there are presented the initial conditions for the development of animal husbandry and identified changes in this industry in the new economic

conditions in the period from 1991 to 2010. The study has revealed that the changes occurred within three periods. Period of transition to new economic conditions (the first period – 1991), privatization of industries and production (the second period – 1995-1996), the privatization of the remaining state agricultural enterprises (the third period – 1998).

**Key words:** agriculture, reform, food supply, privatization, agrarian sector, market relations.

У.А. Суймуханов\*, Д.Қ. Шокпарова, С. Ерболқызы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,

\*e-mail: mr.uzakbay@bk.ru

### **Тенденция развития сельского хозяйства в годы после обретения независимости Республики Казахстан (1991-2009 гг.)**

**Аннотация.** В данной статье рассмотрено развитие сельского хозяйства в Республике Казахстан в период обретения независимости и по нынешний день. Сельское хозяйство является одной из важных отраслей экономики Казахстана. Проблема обеспечения продовольствием является общемировой проблемой. Во многих развитых странах сельскому хозяйству оказывается значительная поддержка. Развитие отраслей производства сельскохозяйственной продукции показывает уровень развития и распространения новых технологий, уровень обеспечения продовольствием стран.

Республика Казахстан находится в ряде стран, лидирующих по производству сельскохозяйственного сырья, так как среди стран Средней Азии занимает особое место и расположена на территории, где можно заниматься обширным сельским хозяйством. Во-первых, это является одним из факторов, определяющих стратегию социально-экономического развития страны. Во-вторых, это оказывает большое влияние на продовольственную безопасность страны. Известно, что сельское хозяйство РК в 1991-2009 годах претерпело значительные изменения в связи с переходом на новые экономические условия, которые сильно сказались на животноводстве и растениеводстве. В связи с проводимой в республике обширной приватизацией многие производства и предприятия были переданы в частные руки. В статье представлены начальные условия развития животноводства и определены изменения в этой отрасли в новых экономических условиях в период с 1991 по 2010 гг. В результате исследования выявлено, что изменения произошли в течение трех периодов: переход на новые экономические условия (первый период – 1991 г.), приватизация отраслей и производства (второй период – 1995-1996 гг.), повсеместная приватизация оставшихся государственных сельхозпредприятий (третий период – 1998 г.).

**Ключевые слова:** сельское хозяйство, реформа, продукты питания, приватизация, аграрный сектор, рыночные отношения.

### **Кіріспе**

Егемендік алғаннан бері Қазақстан Республикасында көптеген өзгерістер болды. Еліміздің саяси, қоғамдық және экономикалық өмірінде, соның ішінде халық және ауыл шаруашылығында басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер енгізіліп, әртүрлі формалары пайда бола бастады. Кеңес кезіндегі шаруашылықтың түрлері қалыптасқан жүйеден қазіргі заманға сай бейімделген шаруашылықтың екінші жүйесіне көше бастады. Жаңа нарықтық қатынастардың пайда болуына байланысты көптеген шаруашылықтарда, әсіресе ауыл шаруашылығы салаларында елеулі ілгерілеушіліктерді байқауға болады. Бұл, әсіресе, Қазақстан Республикасының жаппай нарықтық экономикаға көшуіне байланысты әртүрлі шаруашылықтардың жеке меншікке айналып, өз алдарына жекелей дамуына үлес қоса бастағанынан байқалды. Ауыл шаруашылығына байланысты мемлекеттің қолдауымен көптеген

реформалар жүргізілді. Н. Назарбаевтың халыққа Жолдауында 21 ғасырдың жаһандық мәселелерінің бірі – азық-түлік қауіпсіздігі деп атап өткен болатын. Мал шаруашылығының жағдайы мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін және қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтайды деп басып айтты (Послание Президента Республики Казахстан..., 2013:44). Ауыл шаруашылығында халық тұтынатын өнімдерді азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелерін қанағаттандыратын негізгі мақсат, бұл – ауыл шаруашылығын дамыту саласы болып табылады. Ежелден Қазақстан мал шаруашылығымен айналысатын көшпенді ел болатын. Қазіргі уақытта мемлекет ет өнімін экспортқа шығарудан, импорттаушы елге айналды. Сырттан келетін ет өнімдері түрлері көбінесе Польша, Австралия және Аргентина болып табылады. Мал шаруашылығын қаншама дамытуға мемлекет күш салғанымен, әлі күнге дейін сырттан ет өнімдерін тасу тоқтар емес (Алшанов, 2010:623).

Сондықтан да ауыл шаруашылығында жер ресурстарының пайдаланылуының жаңа формалары жүзеге аса бастады. Көптеген облыстарда жаңа нарықтық экономиканың бір саласы ретінде ауыл шаруашылығымен айналысатын аймақтарда жеке меншік шаруа қожалықтары пайда бола бастады, яғни жер ресурстары (жайылымдар, шабындықтар және т.б.) нарықтық экономикалық қатынастардың басты нысаны болып қалыптаса бастады. Қазақстанның барлық облыстарында жер ресурстарын ауыл шаруашылығында қолданып, пайдалануының мәселелерін физикалық, экономикалық және әлеуметтік география тұрғысынан зерттеу қазіргі заман талабының мәселелері болып табылады.

Қазіргі уақытта халықты мемлекеттің азық-түлікпен қамтамасыз ету бағдарламасына сай ауыл шаруашылығының негізгі салаларының бірі мал шаруашылығын дамыту қолға алына бастады. Оған негізгі себеп Қазақстанның ауқымды бөлігін мал жайып, өсіруге қолайлы территория қамтып жатыр. Әсіресе Қазақстанның орталық бөлігі мал жайылымына ыңғайлы аймақта орналасқан. Бұл біріншіден, ет өнімдерін шетелге, жақын елдерге экспорттауға мүмкіндік берсе, екіншіден, халықтың ішкі сұранысын азық-түлікпен қанағаттандыруына жол ашады. Қазіргі таңда экологиялық таза табиғи өнімдерді пайдалану әр мемлекетте маңызды мәселелерге айналды (Умбиталиев, 2013:174-177).

Осыған сәйкес – ауыл шаруашылығы жерлері мен соның ішінде мал шаруашылығы жерлерінің және өнімдерінің 1991-2011 жылдары аралығындағы Қазақстан Республикасы және оларға әсер еткен негізгі факторларды анықтау және нарықтық экономикалық жағдайда қалыптасқан мал шаруашылығының дамуын, ірі қара және ұсақ малдарын өсіріп, өндіруін әрі жалғастыруын қарастырып және негізгі шешуі табылмай тұрған мәселелерді зерттеп, анықтау болатын. Осы мәселелерді анықтау үшін қазақ халқының ежелден мал шаруашылығымен айналысып, жылдың қандай мезгілі болмасын малды жайылымына қарай бейімдеп отыруын, маусымдық циклдерін тарихи-географиялық тұрғыдан анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізудің қажеттілігі туындады.

Жер – ауыл шаруашылығындағы ең негізгі басты байлықтарының бірі болып табылады және шаруашылықтың түрлі салаларын дамытатын базасының өндіріс құралы ретінде пайдаланылады. Әртүрлі табиғи ортадағы қалыптасқан топырақ және өсімдік жамылғыларын жылдың әр мезгіліне қарай пайдалану, жүргізілетін

шаруашылықты тиімді де ұтымды ұйымдастыру, нарықтық экономикаға байланысты игеру қазіргі таңда әрбір ауыл шаруашылығындағы жеке меншік шаруа қожалықтарының басты міндеттерінің бірі болып табылады (Дүйсенбеков, 2005: 2-6).

Елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін сыртқа шетелдерге экспорттау үшін азық-түлік түрлерін сапалы жоғары деңгейге жеткізіп дамыту қажет. Қазақстанның ауыл шаруашылығы экономикасының дамуына үлкен мүмкіндіктер мен резервтер бар (UNCTAD, 2000:133, Veen, 2007:207). Бұл туралы Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында азық-түлік өнімдерін қарқынды өндіріп сыртқа шығарып пайда келтіруіне болатынын баса атап өтті (Назарбаев, 2012:).

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Қазақстан Республикасы бойынша 1991-2010 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығы саласының, соның ішінде ауыл шаруашылығының статистикалық мәліметтеріне, сонымен қатар тақырып бойынша А.А. Төреханов, (2004) З. Дүйсенбеков, (2005) М.А. Кинеев (2005) және тағы басқа ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасалынды (Қазақстан тәуелсіздік жылдарында 1991-2009, Астана, 2012: 184).

Зерттеу нәтижесінде анықталған мәліметтерді салыстыру арқылы республикадағы мал шаруашылығының аталған жылдары динамикасына талдау жасай отырып, алдағы уақытта қандай ғылыми жұмыстар жүргізілетініне баға берілді. Негізгі әсер ететін факторлар мен экономикалық реформалар анықталып, зерттеулер жүргізілді.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы салаларының дамуы мен тиімділігі, жалпы бәсеке-лестікке қабілеттілігін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көрсетіледі. Сонымен қатар, ауыл шаруашылық саласының ерекшеліктерін зерттеу әлі күнге дейін жалғасуда (Сигарев, 2012 а: 33-40; Сигарев, 2012 б: 41).

Қазақстанда осы мәселелерді шешудің бірнеше нақты басымдылықтары бар. А.А. Быковтың айтуы бойынша (1985: 112) оған аймақтың табиғатының жайылымы, климаттың қолайлығы, ірі қара және ұсақ малдарға тиімді 180 млн гектардан астам жайылымның болуы және мал шаруашылығы өнімдерін жақын орналасқан мемлекеттерге экспорттау болып табылады. Қазақстан Республикасы халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін жақсы ресурстарға бай. Ел аграрлық шикізат өндіруде дамушы алдыңғы


елдердің қатарында тұр. Шикізат ресурстары халықты бірнеше есе қамтамасыз етуге жетеді (Davis, 1957: 156).

Ауыл шаруашылығы пайдалану жағдайына келетін болсақ, Қазақстан территориясын бір-ыңғай бағалау мүмкін емес. Ол табиғи географиялық ерекшеліктеріне сай айқындалады. Елімізде Қазақстан Республикасында егіске ыңғайлы қара топырақты аймақтарға қарағанда шөл және шөлейтті аймақтар басым болып келеді. Қазақстан территориясының шөлді аймағының 40 %-ға жуығын шөл ландшафты, ал 20 %-ға жуығын шөлейт аймағы қамтиды.

### Зерттеу нәтижелері мен талдау

Қазақстан экономикасының секторы ауыл шаруашылығына келетін болсақ, 1991 жылдардың басынан 2010 жылдарға дейінгі аралықта

көп өзгеріске түскен. Мысалға, республика бойынша мемлекеттік кәсіпорындардың саны 1991 жылы 2229 болса, бұл көрсеткіш 2009 жылы 35-ке дейін төмендеген, ал керісінше мемлекеттік емес кәсіпорындардың саны 3712-ден 5408-ге дейін өскен. Сонымен қатар, шаруа (фермер) қожалықтары 3333 санынан 170193 санына дейін көтерілген. Жекеленген жұртшылық шаруашылықтары 1949 санынан 2248 санына дейін өскен, жалпы бұл салада көп ауытқушылық (1-сурет) байқалмайды. Кестеден байқағанымыздай, ауыл шаруашылығы саласының барлық саласы, соның ішінде негізінен мал шаруашылығымен айналысатын жеке шаруа (фермер) қожалықтарының көптен дамығанын көруге болады. Кестеде мал шаруашылығының 1991 жылдары 2010 жылға дейінгі аралықтағы мал бастарының жалпы саны көрсетілген.



1-сурет – Ауыл шаруашылық құрылымдарының саны


Берілген мәліметтерді талдай келе, 1991-2009 жылдары болғаны аралығындағы ауыл шаруашылығы құрылымдарының саны бойынша өзгерістер 1993 жылы, 1995 жылы мен 1996 жылдарда байқалды. Ауыл шаруашылығы құрылымдары санының динамикасының өзгеруін бірнеше себептермен байланыстыруға болады (Қазақстан тәуелсіздік жылдарында 1991-2009, 2012: 184; Қарағанды облысы – цифрларда, 2012: 241).

Қазақстандағы приватизациялау үрдісі жұмыстары басқа да көршілес елдердегі жағдаймен 90-жылдардың басында басталды. Негізгі мақсаты – экономиканың жаңа механизмінің да-

муына өндіріс пен өнеркәсіптерде қолдану болатын. Жекешелендіру аясында адамдар кәсіпорындардың акционері болып және жекеменшік құқыққа ие болды. Реформа үш кезеңге бөлінді. Бірінші кезеңі тоқсаныншы жылдардың басында басталып, 1991-1992 жж. қамтиды. Бұл республиканың нарықтық экономикаға өтуіне байланысты болды, яғни мемлекеттің қарамағындағы ірі мекеме, кәсіпорындар жекешелендіріліп жеке қолдарға беріле бастады. Екінші кезең, 1993-1996 жылдарға келді. Осы кезеңде алғаш рет ауыл шаруашылығы нысандары да жекешелендіріле бастады. Сондықтан да, мемлекеттік кәсіпорындардың санының

көбеюі күрт төмендеп, мемлекеттік емес кәсіпорындар санының 1996 жылы 7694-ке күрт өскенін байқаймыз. “Жекеменшік” яғни, ауыл шаруашылығындағы жекешелендіру саясатының қарқынды жүргізілуі нәтижесінде көптеген

шаруа (фермер) қожалықтары пайда болды. Үшінші кезең, 1996 жылмен 1998 жылдар аралығында өтті. Осы аралықтарда ауыл шаруашылығы жалпы өнімдерінің бірте-бірте өскенін 2-суреттен байқауға болады.



2-сурет – 1991-2009 жылдардағы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, бірлік


Мал шаруашылығының өркендеп, дамуы тікелей егіншілікпен тығыз байланысты болып келеді. Егіншілік шаруашылығы табиғи ортаның қолайлы болуына сәйкес дамиды. Малдың жемшөбін, азығын сол аймақтағы өсімдік түрлерімен және оны қорытатын малдың ерекшелігімен де анықталады. Жайылымдық жерлер солтүстіктен оңтүстікке қарай бірнеше табиғи аймақтарды қамтиды. Бұл екі ауыл шаруашылық саласы бір-бірімен ұштаса отырып қатар дамуы және дұрыс ұйымдастырылуын халық тұтынатын азық-түлік өнімдерінің көрсеткіші бір қалыпты өсіп отыруына септігін тигізеді (Тореханов, 2004: 21-23).

Егін шаруашылығының дамуы маусымдық циклдерге бөлінген. Негізгі көп еңбек жұмыстары көктем мен күз айларында жүзеге асса, жұмыстың аз бөлігі қыс айларына сәйкес келеді. Егін шаруашылығында көбінесе мал шаруашылығында пайдаланылатын дәнді дақылдар, күзгі бидайдың түрлі сорттары және тағы басқалары қолданылады. Бұл көбінесе мал шаруашылығымен айналысатын аймақтарға өте ыңғайлы болып келеді. Шаруашылықтар үшін мал азығын алыстан тасып әкелу шығынын азайтады және жергілікті табиғи жерлерде

бейімделіп өсірілген түрлі дақылдар малдың жақсы қоректеніп қондануына үлкен әсерін тигізеді (Vard, 1997:16-29). Басқа табиғи аумақтарға қарағанда шөлейтті және шөл аумақтарда егіншілікпен айналысу қиындау, дегенмен кейбір аймақтарда бұл мәселенің шешу жолдары қарастырылған. Бұған белгілі бір шаруашылықтардың қазіргі заманның озық технологияларын пайдаланылуын, шетелдік ғылыми тәжірибелердің енгізілуін сонымен қатар ғылыми негізделген түрлі жобаларды жатқызудың болады (Rist, 1945; Chandler, 1998: 68). Екі шаруашылық саласы да аймақтың табиғи өндірістік жағдайымен мамандандырылады. 2-суреттен Қазақстандағы 1991 жылдан 2009 жылдар аралығындағы егістік алқаптарының көрсеткіштерін көруге болады. Бұдан осы жылдар аралығында егіс алқаптарының едәуір қысқарғанын байқауға болады. Алқаптар қысқаруы 1994 жылдан басталып, 2003 жылдарға дейін созылады. Өйткені бұл кезеңдер ауыл шаруашылығы жерлерінің жеке меншікке өте бастаған уақыттарына сәйкес келеді. Одан кейінгі жылдардан егістік алқаптар көлемінің аздап тұрақталғанын көреміз.

3-суреттен байқап отырғанымыздай, Қазақстанда ірі қара малдар, оның ішінде сиырлар, жылқы, түйе, қой мен ешкі және шошқа санының кемігенін көруге болады. 1991 жылы ірі қара малдардан 9592,4 мың бас болса, 2009 жылы 6095,2 мың бас қалған, қой мен ешкі саны 34555,7 мың бастан 17369,7 мың басқа, жылқы 1666,4 мың бастан 1438,7 мың басқа, шошқа 2976,1 мың бастан, 1326,3 мың басқа

төмендеген. Мал бастарының күрт төмендеуі, әсіресе ірі қара мал, қой мен ешкі, шошқа саны 1995 жылмен 1999 жылдар аралығына келеді (Қазақстан тәуелсіздік жылдарында 1991-2009, статистикалық жинақ., Астана, 2012: 184). Бұл жылдар аралығында Қазақстанда нарықтық экономикаға көшу саясаты жүргізілгені мәлім. Осы кезеңдерде ауыл шаруашылық салаларында жалпы экономикалық дағдарыс болды.



3-сурет – 1991-2009 жылдардағы мал саны динамикасы

Қазақстанның жана нарық экономикасына көшуіне байланысты ауыл шаруашылық салалары көптеген өзгерістерге ұшырай бастады. Әсіресе мал шаруашылығы саласында айтарлықтай өзгеріс болды. Мал бастары күрт азайып саны түсіп кетті. Бұны бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Мал өнімін өндірушілерде қаржылық жағдайы жетіспеді, бағалар өзгере бастады және ақша орнына бартерлік келісімдер қолданыла бастады. Бұл жалпы республика бойынша аз уақытта мал санының азаюына әкеліп соқты.

Нарықтық экономика кезеңінде бұрынғы қалыптасып қалған өзара экономикалық байланыстар бұзылып, ауыл шаруашылық саласының жағдайы күрделене түсті. Бұл салаға қаржыландыру тоқтатылды, ауыл шаруашылығына қажетті техника, құрал-саймандар, тұқымдық дәнді дақылдарға бағалардың өсуі және осылардың барлығын негіздейтін жүйелердің болмауы ауыл шаруашылығы өнімдерін

дамытудағы қажетті өндірістік салаларға теріс ықпалын тигізді. Ол мемлекеттің ауыл шаруашылығына бөлген қаржысының жеткіліксіз болуы және оның дұрыс игерілмеуі салдарынан экономикалық дағдарыс жалғаса берді. Сол себепті мал саны 2-суреттегі мәліметтерге сүйене отырып 1993 жылдан 1997 жылдар аралықтарында айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын байқаймыз.

Еліміздегі қазіргі мал шаруашылығының жағдайына келетін болсақ, экономикалық реформалардың жүргізілуінің нәтижесінде нарықтық қатынастар орнап мемлекеттің шаруашылықтарға ықпал ету ролі төмендеді. Ауыл шаруашылығындағы реттеуші экономикалық ықпал әлсіреп, бұрынғы қалыптасқан шаруашылық байланыстарының құлдырауына, салалардың материалдық-техникалық базаларының тарқауына және өндіріс орындарының күрт қысқаруына әкеліп соқты. Бұндай реформалар, әсіресе мал шаруашылығы саласына үлкен

ауыртпалығын тигізді. Мысалға, Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 1990 жылмен 2001 жылдар аралығында республика бойынша ірі қара малдар саны 5,7 млн. басқа дейін, қой және ешкі 25,7 млн. басқа дейін, шошқа 2,1 млн. басқа дейін қысқарып кетті. Сонымен қатар, осы уақытта ет өндірісі (тірлей салмағы) 1,6 млн.-н 0,6 млн. тоннаға дейін немесе 2,7 есе, сүт – 5,6 млн. тоннадан 3,7 млн. тоннаға дейін немесе 1,5 есе, жұмыртқа – 4,2 млрд. данадан 1,7 млрд данаға дейін немесе 2,5 есе, сары май өндірісі 85056 тоннадан 4350 тоннаға дейін немесе 19 есе, жүннің 85 мың тоннаға дейін немесе 4,7 есе қысқарғанын атап өткен (Кинеев, 2005: 136).

Яғни, осы салыстырмалы кезең аралығында мал шаруашылығы өнімдерін тұтыну тұрғындардың жан басына шаққанда ет 75 кг-нан 44 кг-ға (ғылыми дәлелденген норма бойынша 82 кг) сүт 311 кг-нан 235 кг-ға (норма бойынша 405 кг), жұмыртқа 225 данадан 102 данаға (норма бойынша 292 дана) азайып кеткен.

Бұрын Одақ кезінде ауыл шаруашылығы өндірісінің арнайы инфрақұрылымдық жүйелері болатын. Агроөнеркәсіп дамыту кешендері мемлекет тарапынан белгілі бір дәрежеде қолдау көріп отыратын. Мал шаруашылығы саласында жайылымдық жерлер белгілі бір жүйемен пайдаланылатын. Мұның барлығы экономиканың көтерілуіне үлкен әсер тигізетін. Қазіргі уақытта экономиканың нарықтық саясатының өзгеруінің нәтижесінде мал шаруашылығының өнімдеріне және мал жайылымдарына да үлкен өзгерістер әкелді.

Жер ресурстары жайылымның сапалы болуы мал шаруашылығын дамытудың негізгі факторы болып табылады. Территориядағы маңызды табиғи-климаттық ерекшеліктердің болуы, мал түрлерін аумақтық мамандандыруға бөліп қарастыру тиімді болады (Prescott, 1987: 315). Мал жайылымынан басқа мал азығын сақтайтын базалар, белгілі бір дәрежеде азықтандырып отыру ауыл шаруашылығының бір саласы мал өнімдерінің өсу көрсеткішіне өз ықпалын тигізеді (Николенко, 1978:216).

Жалпы адамның қолы тимеген жерлер, топырақ жамылғыларының өздерін реттеп қалыпқа келтіретін емдік қасиеттерін айтуға болады. Жер бетіндегі өсімдіктер мен оның тамырларының шірінді қалдықтарының жинақталуы әсерінен топырақтың құрамында табиғи өзгерістер жүреді және топырақтың беткі қабаты қатайып, бекиді де топырақтың құнарлы қабаты ақырындап қалпына келеді. Әсіресе,

мал шаруашылығына ыңғайлы жайылымдық жерлердің шөбі көтеріліп, қайтадан түлей бастайды (Тазабеков, 1995:256).

### Қорытынды

Қазақстанның орналасу жағдайы оның экономикасы мен халық шаруашылығының дамуына, әсіресе мал жайылымдарының кеңдігі өте үлкен ықпалын тигізеді. Өткен ғасырдан бастап қазақ даласындағы мал жайылымдарының пайдаланылуы жағынан көптеген өзгерістерді байқауға болады. Жайылымдар ертеректе халықтың күн көрісі болып табылатын. Территорияның кең болуы, географиялық-климаттық жағдайдың қолайлы болуы мал шаруашылығының дамуына үлкен септігін тигізді. Жайылымды жыл мезгілдеріне қарай оңтайлы пайдаланудың арқасында көптеген жерлер ұзақ мерзімге сақталды. Табиғат пен адам арасындағы өзара тепе-теңдік көпке дейін сақталып тұрды. Қоршаған табиғи ортаның экологиялық жағдайына үлкен мән беріліп жайылымның өнімділігі мен құнарлығы артты. Бұл азық-түліктер өнімдерін және шикізатты көп мөлшерде дайындауға мүмкіндіктер берді.

Қазақстандағы коллективтендіру 1934 жылдан басталғаны белгілі. Осы кезеңде малдардың барлық түрлерін ортаға салу мал бастарының азаюына әкелді және жайылымды жерлер түгелдей босап қалды. Халықтың тұрмыс тіршілігі тікелей мал өсірумен байланысты болғандықтан адамдар отырған жерлерінен қалаға көшті. Мал жайылымы жерлері көп уақытқа дейін пайдаланылмай халық шаруашылығы жерлері бос жатты.

1954 жылдардан бастап республикада жайылым шаруашылығы бірте-бірте дами бастады. Жиырма жылдай шаруашылықта қолданылмаған бос жайылымды жерлер мал шаруашылығының өркендеуіне мүмкіншілік туғызды. Мал азығының мол болуының және жайылымды құнарлы жерлерінің әсерінен мал бастарының көбеюіне ықпалын тигізді (Курочкина, Османова, 1978: 204). Бұл халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайының жақсаруына, елдің тұрмыс-тіршілігінің едәуір көтерілуіне үлкен ықпалын да тигізді. Бұрын қаңырап бос қалған табиғи жайылымдық жерлер республиканың көп жерінде мал шаруашылығының саласында кеңінен қолданыла бастады.

Жалпы тұрмыстық шаруашылығына көптеген ұсақ қосалқы шаруашылықтар, кооперативті бақтар мен бау – бақшалар және саяжай телімдері жатады. Ауыл шаруашылығы саласындағы

өнімдерді өндіру үшін жұртшылықтың қосалқы шаруашылықтары толықтай пайдалануға, жекелей меншікке және иеленуге беріледі. Ауыл шаруашылығы өнімдері әлемдік нарықта қабілетті болу үшін мемлекеттік қаржылай қолдау қажет (Fulton: 2006,-32-35; Крестелев, 2011: 165-173).

Мал шаруашылығындағы азық-түлік өнімдері соның ішінде, ет және сүт өнімдерін өңдеу салалары республиканың агрокешенді саяси бағытының негізі болып табылады. Экономикалық қатынастарды саралауда үлкен өзгерістер мал шаруашылығы саласында үлкен орындар алды. Нарықтың еркіндікке жіберілуі мал өнімдерінің тиімді бағамен сатылуына мүмкіндік туғызды. Халықты отандық өнімдермен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін ынталандыру арқылы жүзеге асыруға болады (Шерьяданова, 2010: 107). Сонымен қатар, нарықтағы мал өнімдерінің сатылуын дамыту үшін жалпы мониторинг жасап және статистикалық талдаулар жүргізіп отыру қажет. Қазақстан Республикасының 1991-2009 жылдары аралығындағы жер ресурстарын, со-

нымен олардың ауыл шаруашылығында (егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы) пайдаланылуына сипаттама берілді. 1991 жылдан бастап ауыл шаруашылығы құрылымдарының саны 2005 жылға дейін бірнеше ауытқуларға ұшырап, соларға әсер етуші факторлар анықталды. Бұл өзгерістер республиканың жаңа нарықтық экономикалық кезеңге көшуімен сипатталып және үш кезеңге сәйкес өзгергені анықталды. Ол кезеңдер экономикалық нарықтың түріне көшуімен (1991 жылғы бірінші кезең), мемлекеттік кәсіпорындар мен ауыл шаруашылық салаларының жаппай жекешелендіруге ұшырауы (1995-1996 жылдары екінші кезең), үшінші нақты шешуші кезең 1998 жылдардағы жекешелендіру себептеріне байланысты болғаны анықталды.

Сонымен қатар, осы кезеңдерде ауыл шаруашылығында мал шаруашылығы, жайылым мен егін шаруашылығымен салыстыру арқылы, мал азық қорының аумақтың табиғи ерекшеліктерін ескере отырып дайындалатыны талданды.

#### Әдебиеттер

- Rist C. *Precis des mecanismes economiques elementaires* / C. Rist. – Paris: Sirey, 1945. – 68 p.
- UNCTAD. *Всемирная экспертиза 2000: Приграничное развитие и рубежи*, ООН. – Нью-Йорк и Женева, 2000. – С.133.
- АО «КазАгроИнновация» «Ветеринарные вопросы развития мясного скотоводства Казахстана» (ветеринарные вопросы развития мясного животноводства Казахстана) // Журнал «Аграрный сектор», 2012. – №1 (11).
- Быков Б.А. *Берегите пастбища*. – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 112.
- Вард С.Е. *Сравнение вертикальной интеграции: говядина, свинина и куриное филе*. // Современная фермерская экономика. 1997. – Изд.1, 70, №1. – С. 16-29.
- Дейвис Дж.Н., Голдберг Р.А. *Концепт агробизнеса*. – Бостон, 1957. – 136 с
- Дүйсенбеков З. *Ер тірегі – ел, ел тірегі – жер* // Земельные ресурсы Казахстана. 3(30), 2005. – С. 2-6.
- Казахстан за годы независимости 1991-2009. *Статистический сборник*. Агентство Республики Казахстан по статистике. – Астана, 2012. – С. 184.
- Карагандинская область – в цифрах 1991-2011. *Статистический сборник*. [Под ред. Е. С. Исакаев]. – Караганда, 2012. – С. 241.
- Кинеев М.А., Абдураимов М.Т., Тореханов А.А., Сатығұл С.Ш., Сансызбай А.Р. *Животноводство Казахстана*. – Алматы: «Molia&DOS», 2005. – С. 136.
- Крестелев Р.Н. *Направления развития государственной поддержки сельского хозяйства* // Вестник Евразийской административной науки, 2011. – С. 165-173.
- Курочкина Л.Я., Османова Л.Т. *Пастбища песчаных пустынь Казахстана (Казахстанның құмды шөлдері жайылымы)*. – Алма-Ата: «Кайнар», 1973. – 204 б.
- Курочкина Л.Я., Османова Л.Т. *Пастбища песчаных пустынь*. – Алма-Ата: «Кайнар», 1973. – С. 204.
- Казақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың “Қазақстан – 2050 “Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: ЮРИСТ, 2013. – 44 б.
- Казақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012). Егемен Қазақстан. 2012. 27 желтоқсан.
- Николенко Г.С., Иванов А.И. *Земли Казахстана и их эффективное использование*. – Алма-Ата: «Кайнар», 1978. – С.216
- Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия» «Казахстан-2050: новый политический курс состоявшегося государства» (2012) // Казахстанская Правда. 27 декабрь 2012 г.
- Прескотт Дж. *Политические территории и границы*. – Лондон: Аллен и Анвин, 1987. – С. 315
- Сигарев М.И., Курмангалиев С.Г., Нуркужаев Ж.М. *Рекомендации по совершенствованию внутренней поддержки сельскохозяйственного производства Казахстана*. – Алматы, 2012. – С.41.
- Сигарев М.И., Палагина И.А. *Государственная поддержка АПК в Казахстане в условиях вступления в ВТО*. // Теоретический и научно-практический журнал. – Алматы, 2012. – №1. – С. 33-40.



- Система ведения сельского хозяйства в Карагандинской области (Қарағанды облысының Ауыл шаруашылығын жүргізу жүйесі). – Караганда, АО «Қарагандинская Полиграфия», 2006. – С. 304.
- Структура и продуктивность растительности пустынной зоны Казахстана. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1978. – С.140.
- Тазобеков Т., Тазобекев Е. Плодородие почвы: Учебное пособие. – Алматы: Білім, 1995. – С. 256.
- Тореханов А.А. Земли природных кормовых угодий Казахстана (проблемы и решения) // Земельные ресурсы Казахстана. – №6 (11). 2004. – С. 21-23.
- Умбиталиев А.Д. Развитие животноводства в Казахстане // Успехи современного естествознания, 2013. – №11. – С.174-177.
- Фултон М., Хей У., Файрбайм В. Ландшафтное изменение Северной Америки. XIX Международный конгресс истории экономики. –Хельсинки, Финляндия, 21-25.08.2006. – С. 32-35.
- Чандлер А.Д. Стратегия и структура: история американской промышленности. – Кембридж, МА: MIT Пресс. 1962/1998.
- Шеръязданова К.Г. Современные интеграционные процессы: учебное пособие. – Астана: Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, 2010. – С.107.

## References

- АО “KazAgroInnovatsiya» Veterinarnaya voprosy razvitiya myasnogo skotovodstva Kazakhstana” [KazAgroInnovation “” Veterinary development of meat cattle breeding in Kazakhstan ] (2012). Journal “Agrarian Sector”, №1 (11).
- Bykov B.A (1985) Beregite pastbishcha [Take care of pastures]. Alma-Ata: Nauka. – P. 112.
- Chandler A.D. (1998) Strategiya i struktura: istoriya amerikanskoy promyshlennosti [Strategy and Structure: A History of American Industry]. Cambridge, MA: MIT Press. 1962/1998.
- Deyvis Dzh.N., Goldberg R.A. (1957) Kontsept agrobiznesa [Agribusiness Concept]. Boston. – P. 136.
- Dysenbekov Z. (2005) Yer tiregi - el, yel tilegi - zher. Land resources of Kazakhstan. 3 (30). – P. 2-6.
- Fulton M., Khey U., Fayrbaym V (2006) Landshaftnoye izmeneniye Severnoy Ameriki [Landscape change in North America]. XIX International Congress of Economic History. Helsinki, Finland, 21-25.08. – P. 32-35.
- Karaganda region - in figures 1991-2011 (2012) Statistical collection. Karaganda. – P. 241. Edited by E. S. Iskakov.
- Kazakhstan for the years of independence 1991-2009 (2012) Statistical collection. Agency of the Republic of Kazakhstan on Statistics, Astana. – P. 184.
- Kineev M.A., Abduraimov M.T., Torekhanov A.A., Satygul S.Sh., Sansyrbay A.R. (2005) Livestock of Kazakhstan. Almaty: Molia & DOS Publishing House 2005. – P. 136.
- Krastelev R.N. (2011) Napravleniya razvitiya gosudarstvennoy podderzhki sel'skogo khozyaystva [Directions of development of state support for agriculture]. Bulletin of the Eurasian administrative science. 2011. – P. 165-173.
- Kurochkina L.YA., Osmanova L.T. (1973) Pastbishcha peschanykh pustyn' [Pastures of sandy deserts]. Alma-Ata: «Kaynar». – P. 204
- Nikolenko G.S., Ivanov A.I. (1978) Zemli Kazakhstana i ikh effektivnoye ispol'zovaniye [Lands of Kazakhstan and their effective use]. Alma-Ata, «Kaynar». – P. 216
- Poslaniye Prezidenta Respubliki Kazakhstan N.A. Nazarbayeva narodu Kazakhstana» Strategiya» Kazakhstan-2050”: novyy politicheskiy kurs sostoyavshegosya gosudarstva “ (2012) [Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan “Strategy” Kazakhstan-2050 “: a new political course of the established state”] Kazakhstanskaya Pravda.
- Poslaniye Prezidenta Respubliki Kazakhstan-Lidera Natsii N.A. Nazarbayeva narodu Kazakhstana “Strategiya” Kazakhstan-2050»: novyy politicheskiy kurs sostoyavshegosya gosudarstva [Message of the President of the Republic of Kazakhstan - Leader of the Nation N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan “Strategy “Kazakhstan-2050”: a new political course of the established state”] (2013). Almaty: YURIST. – P. 44.
- Prescott Dzh. (1987) Politicheskiye territorii i granitsy [Political Territories and Borders]. London: Allen and Unwin.-1987. – P. 315.
- Rist C. Precis des mecanismes economiques elementaires / C. Rist. – Paris: Sirey. – 68 p.
- Sher'yazdanova K.G. (2010) Sovremennyye integratsionnyye protsessy: uchebnoye posobiye [Modern integration processes: study guide]. Astana: Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, 2010. – P. 107.
- Sigarev M.I., Kurmangaliyev S.G., Nurkuzhayev Zh.M. (2012) Rekomendatsii po sovershenstvovaniyu vnutrenney podderzhki sel'skokhozyaystvennogo proizvodstva Kazakhstana [Recommendations for improving domestic support for agricultural production in Kazakhstan]. Almaty. – P. 41.
- Sigarev M.I., Palagina I.A. (2012) Gosudarstvennaya podderzhka APK v Kazakhstane v usloviyakh vstupleniya v VTO [State support of agriculture in Kazakhstan in the context of accession to the WTO]. Theoretical and scientific journal. Almaty, №1. – Pp. 33-40.
- Tazabekov T., Tazabekev Ye. (1995) Plodorodiye pochvy. Uchebnoye posobiye [Soil Fertility. Tutorial. Almaty: Білім. – P. 256.
- The structure and productivity of the vegetation of the desert zone of Kazakhstan. Alma-Ata, Nauka Publishing House, the Kazakh SSR, 1978. – P. 140.
- The system of agriculture in the Karaganda region. Karaganda, Karaganda Polygraphy JSC. – P. 304.
- Torekhanov A.A. (2004). Zemli prirodnykh kormovykh ugodiy Kazakhstana (problemy i resheniya) [The lands of natural forage lands of Kazakhstan (problems and solutions)]. Zemel'nyye resursy Kazakhstana. - №6 (11). – Pp. 21-23.
- Umbitaliyev A.D. (2013) Razvitiye zhitovnovodstva v Kazakhstane [Livestock development in Kazakhstan]. Successes of modern science. -№11. – P. 174-177.

UNCTAD. Vsemirnaya ekspertiza 2000: Prigranichnoye razvitiye i rubezhi [World Expertise 2000: Cross-Border Development and Frontiers]. UN, New York and Geneva. – P. 133.

Vard S. Ye. (1997) Sravneniye vertikal'noy integratsii: govyadina, svinina i kurinoye file. Sovremennaya fermerskaya ekonomika [Comparison of vertical integration: beef, pork and chicken fillet. Modern farming economy]. – Pub. house. 1, 70, №1. – Pp.16-29.